

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 06 желтоқсан 2024 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Төрайымы: А.Шарипова

Хатшысы: А.Базарбай

Барлық педагогтар саны:8

Қатысқан педагогтар саны:8

Күн тәртібінде

1. «1 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы»
2. Пед мамандардың жарты жылдық есебі.
3. Желтоқсан айында жүргізілген салыстырмалы бақылау қорытындысы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша 1 жарты жылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы шығарылып, талқыланып, балалардың білім деңгейінің сапасы туралы сөз қозғалды. «Айгөлек» ортаңғы тобында білім сапасы бойынша 12 бала жоғары деңгейді көрсетсе, 8 бала орташа деңгейді көрсетті. «Бүлдіршін» кіші тобында 11 бала жоғары, 9 бала орташа деңгейді көрсетті. «Құлыншақ» ересек тобында 10 бала жоғары деңгейді, сәйкесінше 10 бала орташа деңгейді көрсетті. «Балдәурен» МАД тобында білім сапасы бойынша 6 бала жоғары деңгейді, 9 бала орташа деңгейге ие болды.
2. Екінші мәселе бойынша төрт топ тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушысы С.Исмахова есебі тыңдалды. Әр топтағы үлгерімі мен дамуында ерекшеліктері (гиперактивті, тұйық, агрессивті) бар балалармен жұмыс жайы айтылды.
3. Үшінші мәселе бойынша желтоқсан айында жүргізілген бақылау нәтижелері айтылып, талқыланды. Педкеңес соңында 2023 - 2024 оқу жылының II жарты жылдық жоспары бойынша жасалатын іс-шаралар туралы айтылды.

Шешім:

1. Балабақша тәрбиеленушілерінің біліктіліктері мен дағдыларының дамуын аралық бақылау нәтижесінің қорытындысы бойынша дамыту жұмыстарын жүргізу топ тәрбиешілеріне және әдіскерге міндеттелсін.
2. Топ тәрбиеленушілерінің ерекшеліктеріне қарай жеке жұмыстар жүргізу топ тәрбиешілеріне және балабақша психологына жүктелсін.
3. Әр топты бақылау топ тәрбиешілеріне және әдіскерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



А.Шарипова



Т.Базарбай